

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 20 қыркүйектегі № 463 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 қыркүйекте № 24449 болып тіркелді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық- құтқару қызметтерін аттестаттау қағидаларын бекіту туралы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т.қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 95) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрі Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің
2021 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 463 бұйрығымен
бекітілген

**Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін
аттестаттау қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 95) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау тәртібін және "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның заңды тұлғаның қауіпті өндірістік объектілерде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды орындауға құқығын ресми тануы және олардың "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10261 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 21 бұйрығы, "Құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17233 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 507 бұйрығы және "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат санын есептеу нормативтерін, оларды жарақтандыру нормаларын бекіту

туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23812 болып тіркелген) Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 360 бұйрығы талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметтерін қоспағанда, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері аттестаттауға жатады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметін құрған ұйым қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын бөгде ұйымдарға (тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқаққа қарсы жұмыстарды жүргізуге қызметтер ұсынатын ұйымға тәуелсіз) қызмет көрсету бойынша авариялық-құтқару қызметтерін көрсету ниеті болған жағдайда аттестаттауға жатады.

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері бастапқы, қайта, кезеңдік және кезектен тыс аттестаттауға жатады:

1) бастапқы аттестаттауға жаңадан құрылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері жатады;

2) қайта аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару жұмысын қайта бастау үшін алдыңғы аттестаттау анықтаған кемшіліктер жойылғаннан кейін жүргізіледі;

3) кезеңдік аттестаттау бес жылда бір рет жүргізіледі;

4) кезектен тыс аттестаттау орындайтын жұмыстардың түрі немесе түрлері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметін алғашқы аттестаттау кезінде әрбір жұмыс түрі үшін кәсіби авариялық-құтқару бөлімшелерінің саны кемінде екі бірлікті құрайды.

6. Қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсетуге жасалған шарттары бар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметін қайта, кезеңдік және кезектен тыс аттестаттау кезінде жедел бөлімшелердің саны " Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат санын есептеу нормативтерін, оларды жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23812 болып тіркелген) Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 360 бұйрығының талаптарында белгіленген нормативтерге сәйкес есептеледі, бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсетуге арналған шарттар болмаған жағдайда, әрбір жұмыс түрі үшін кәсіби авариялық-құтқару бөлімшелерінің саны кемінде екі бірлікті құрайды.

7. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібімен жүргізіледі.

8. Аттестаттаудан өткен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына Куәліктер (бұдан әрі – Куәлік) беріледі.

9. Куәліктің қолданылуы мерзімі аяқталған кезде:

1) куәлік берілген мерзім аяқталған соң;

2) куәліктен айыру (қайтарып алу);

3) заңды тұлғаның атауын немесе меншік нысанын өзгерте отырып, оны тарату немесе қайта ұйымдастыру;

4) Куәлікте көзделген жұмыстардың белгілі бір түрін немесе түрлерін жүргізу құқығынан заңды тұлғаның бас тартуы негіз болып табылады;

5) заңды тұлғаның Куәліктің қолданылуын тоқтату туралы өз еркімен өтініші.

Куәліктің қолданылуы тоқтатылған жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері хабарлайды:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға;

2) қызмет көрсетілетін объектіге.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

10. "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін заңды тұлғалар (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жібереді www.egov.kz (бұдан әрі-Портал) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 15.04.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын негізгі құжаттар мен мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты нысанында жазылған (бұдан әрі - Стандарт).

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 13 (он үш) жұмыс күнін құрайды

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 15.04.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар мен мәліметтерді қабылдауды және тіркеуді олар келіп түскен күні жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушы тағайындалатын басшысына жолдайды.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандартқа сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар мәліметтерінің дұрыстығын тексереді және ұсынылған құжаттар мәліметтерінің дұрыс емес фактісі анықталған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту) сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды;

Ұсынылған құжаттардың мәліметтері дұрыс болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының Стандартқа сәйкес қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды алу үшін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесіне мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты нысанында сұрау жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 13-тарауына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының осы Стандартқа сәйкес қойылатын талаптарға сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау арқылы жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының осы Стандартқа сәйкес қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды жасайды.

Көрсетілетін қызметті алушының осы Стандартқа сәйкес қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды алған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Дәлелді бас тартуды немесе Куәлікті ресімдейді.

14. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас

тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.05.2022 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

16. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

17. Куәліктің қолданылу мерзімі бес жылды құрайды.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

18. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) күн ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.05.2022 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.05.2022 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.05.2022 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Егер Заңда өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 24.05.2022 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-ұтқару қызметтерін аттестаттау қағидалары" мемлекеттік

қызметін көрсету қағидаларына

1-қосымша

нысан

[Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)]

[Мемлекеттік органның атауы]

басшысына

Өтініш нөмірі: [Нөмірі]

Өтініш күні: [Күні]

ӨТІНІШ

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына куәлік алуға

_____ (заңды тұлғаның атауы)

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-1-бабын Басшылыққа ала отырып, Сізден мыналарды жүргізуді сұраймын

_____ (аттестаттау түрін көрсету (бастапқы, қайта, кезеңдік және кезектен тыс)

аттестаттауды өткізу және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына куәлік мынадай жұмыс түрлеріне беру: _____

_____ (жұмыс түрін (лерін) көрсету)


Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметі мүлкінің орналасқан жері (мүлік бірнеше өңірде орналасқан жағдайда, барлық өңірлер көрсетілсін) _____

_____ (облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ұсынылған ақпараттың анықтығын растаймын және анық емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

_____ [Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңбасы]



ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 15.04.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау

қағидалары" мемлекеттік

қызметін көрсету қағидаларына

2-қосымша

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	13 (он үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (толығымен автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына куәлік (бұдан әрі - Куәлік) не осы Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет

		көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>1. Бастапқы, қайта, кезеңдік және кезектен тыс аттестаттау кезінде тау-кен құтқару жұмыстарына куәлік алу үшін:</p> <p>осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>"Құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 507 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17233 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіптік</p>

авариялық-құтқару қызметіне жұмысқа ресімделген, оның ішінде "құтқарушы" мәртебесін берген жұмыскерлер мен мамандар туралы мәліметтер; "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат санын есептеу нормативтерін, оларды жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 360 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23812 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіптік авариялық-құтқару қызметтерін жарақтандыру нормалары көрсетілген мәліметтерді қамтитын электрондық құжат; "Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 21 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10261 болып тіркелген) сәйкес тәулік бойы кезекшілік өткеруді, бос ауысымның демалысын, байланыс (телефон, факсимильдік, радиобайланыс), жеке құрамды құлақтандыру жүйесін қамтамасыз ететін үй-жайлар мен жабдықтардың, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметінің орналасу схемасына сәйкес мүлікке және материалдық құралдардың белгіленген қорларына арналған үй-жайлардың (авариялық-құтқару құралдары, жабдықтар мен керек-жарақтар, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету құралдары, нысанды киім-кешек) бар екендігі туралы мәліметтерді қамтитын электрондық құжат.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

2. Бастапқы, қайта, кезеңдік және кезектен тыс аттестаттау кезінде газдан құтқару жұмыстарына куәлік алу үшін:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

"Құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 507 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17233 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіптік авариялық-құтқару қызметіне жұмысқа ресімделген, оның ішінде "құтқарушы" мәртебесін берген жұмыскерлер мен мамандар туралы мәліметтер;

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат санын есептеу нормативтерін, оларды жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 360 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23812 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіптік авариялық-құтқару қызметтерін жарақтандыру нормалары көрсетілген мәліметтерді қамтитын электрондық құжат;

"Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 21 бұйрығына (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10261 болып тіркелген) сәйкес тәулік бойы кезекшілік өткеруді, бос ауысымның демалысын, байланыс (телефон, факсимильдік, радиобайланыс), жеке құрамды құлақтандыру жүйесін қамтамасыз ететін үй-жайлар мен жабдықтардың, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметінің орналасу схемасына сәйкес мүлікке және материалдық құралдардың белгіленген қорларына арналған үй-жайлардың (авариялық-құтқару құралдары, жабдықтар мен керек-жарақтар, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету құралдары, нисанды киім-кешек) бар екендігі туралы мәліметтерді қамтитын электрондық құжат.

3. Бастапқы, қайта, кезеңдік және кезектен тыс аттестаттау кезінде бұрқаққа қарсы жұмыстарына куәлік алу үшін:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

"Құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 507 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17233 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіптік авариялық-құтқару қызметіне жұмысқа ресімделген, оның ішінде "құтқарушы" мәртебесін берген жұмыскерлер мен мамандар туралы мәліметтер; "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат

санын есептеу нормативтерін, оларды жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 360 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23812 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіптік авариялық-құтқару қызметтерін жарақтандыру нормалары көрсетілген мәліметтерді қамтитын электрондық құжат; "Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 21 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10261 болып тіркелген) сәйкес тәулік бойы кезекшілік өткеруді, бос ауысымның демалысын, байланыс (телефон, факсимильдік, радиобайланыс), жеке құрамды құлақтандыру жүйесін қамтамасыз ететін үй-жайлар мен жабдықтардың, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметінің орналасу схемасына сәйкес мүлікке және материалдық құралдардың белгіленген қорларына арналған үй-жайлардың (авариялық-құтқару құралдары, жабдықтар мен керек-жарақтар, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету құралдары, нысанды киім-кешек) бар екендігі туралы мәліметтерді қамтитын электрондық құжат.

1) өтініш беруші куәлікті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;

2) көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесінің көрсетілетін қызметті алушының қойылатын "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

Заңының, "Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10261 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 21 бұйрығы, "Құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17233 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 507 бұйрығы және "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат санын есептеу нормативтерін, оларды жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23812 болып тіркелген) Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 360 бұйрығының талаптарына сәйкес еместігі туралы қорытындысы;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімнің) болуы;

4) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат беруге уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;

2) www.egov.kz порталында орналастырылған.

	Өзге де талаптар мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген	Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777.
--	--	--

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидалары" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
3-қосымша
НЫСАН


[Мемлекеттік органның атауы]		[Наименование государственного органа]
[Мемлекеттік органның деректемелері]		[Реквизиты государственного органа]
Күні: [Берілген күні]		[Заңды тұлғаның атауы]
Нөмірі: [Құжат нөмірі]		[Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)]

ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

[Мемлекеттік органның атауы], Сіздің [Өтініш күні] жылғы № [Өтініштің нөмірі] өтінішіңізді және қоса беріліп отырған құжаттар тізбесін қарап, мынаны хабарлайды:

[Бас тартудың негізі]

[Қол қоюшының лауазымы]	[Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңбасы]
-------------------------	---



"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидалары" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына

4-қосымша

НЫСАН

[Мемлекеттік органның атауы]		[Наименование государственного органа]
[Мемлекеттік органның деректемелері]		[Реквизиты государственного органа]
Нөмірі: [Құжат нөмірі]		[Заңды тұлғаның атауы]
Өтінші нөмірі: [Нөмірі]		[Заңды тұлғаның деректемелері (мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)]
Берілген күні: [Күні]		
<p>өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына КУӘЛІК [Мемлекеттік органның атауы], "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-1-бабына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесінің қорытындысын ескере отырып, _____ (аттестаттау түрін көрсету (бастапқы, қайталама, мерзімдік, кезектен тыс) аттестаттау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу құқығына келесі жұмыс түрлеріне куәлік берілді: _____ (жұмыс түрін (лерін) көрсету) Ерекше шарттар: осы куәлік қолданылу мерзімі – берілген күнінен бастап 5 жыл.</p>		
[Қол қоюшының лауазымы]	[Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңбасы]	

